

Shet shugylasy



Shet aýdandyq qoǵamdyq-sarasi gazetі Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady beisenbi, 23 saýır 2026 jyl №16 (11 212)

Аудан әкімдігінде

ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНА БАСА МӘН БЕРІЛУІ ТИІС

Сейсенбі, 21 сәуір күні аудан әкімінің орынбасары Д.Кәрімбаевтың төрағалығымен кезекті кеңейтілген аппарат отырысы болып өтті. Күн тәртібінде “Ауданның 2026 жылғы қаңтар-наурыз айлары аралығындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытынды-

дамуына және бюджеттің игерілуіне қатысты кент және ауылдық округ әкімдеріне тиісті сала басшыларымен бірлесе отырып, жұмыс атқаруды тапсырды. Отырыста «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында барлық сала бойынша тазалық жұмыстарын



лары”, ағымдағы жағдай: жылу беру маусымының өту барысы туралы, «Таза Қазақстан» бағдарламасы бойынша тазалық жұмыстарының орындалысы мен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағалары және бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде жүргізілген ақпараттық жұмыстар туралы мәселелер бойынша тиісті сала басшыларының хабарламалары тыңдалып, талқыланды. Отырыста аудан әкімінің орынбасары ауданның әлеуметтік-экономикалық

жандандырып, бұған қоса идеологиялық тұрғыдан баса мән беріп, ақпараттық жұмыстарды күшейтуді атап өтті. Отырыс соңында ауданның ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы А.Ахметов аудандағы қоғамдық саяси ахуал мен атқарылған іс-шаралар жөніндегі хабарламасы тыңдалып, сондай-ақ, коммуналдық салаға, басқа да өзекті мәселелерге қатысты сала басшыларына нақты тапсырмалар берілді.

Өз тілшімізден.

ҰБТ-да үлкен өзгеріс

ТАЛАПКЕРЛЕРДІ ІРІКТЕУ ЖҮЙЕСІ ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРЕДІ

ҚР премьер-министрінің орынбасары - мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева ҰБТ жүйесін жаңғырту - білім сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадам екенін атап, талапкерлерді іріктеу жүйесін жетілдіру мақсатында Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) форматына бірқатар өзгерістер енгізу жоспарланып отырғанын мәлімдеді.



Министрдің айтуынша, адами капиталға инвестиция жасау - мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі. Бұл бағыт Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізіп отырған реформалардың негізін құрайды. Бүгінде әлем елдері білім беру жүйесін жаңғыртып, жаңа модельдер мен цифрлық шешімдерді енгізуде. «Қазіргі таңда білім беру саласы тек білім берумен шектелмей, нақты дағдыларды меңгерген, еңбек нарығына бейімделген мамандарды даярлауға бағытталуы тиіс. Бұл - сапалы жаңа кезеңге көшу», - деді Аида Балаева. Осыған байланысты талапкерлерді іріктеу жүйесінде, әсіресе педагогикалық мамандықтарға қабылдау кезінде жаңа тәсілдер енгізілмек. Атап айтқанда, тестілеумен қатар арнайы емтихандарды қамтитын гибриді бағалау формасы қолданылады. Бұл тәсіл талапкерлердің тек пәндік білімін

ғана емес, сонымен бірге сыни ойлау, талдау және коммуникациялық дағдыларын бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, келесі жылдан бастап педагогикалық бағыттарға түсу кезінде ҰБТ нәтижелерімен қатар ауызша емтихандар да ескерілмек. Бұл емтихандарда талапкерлердің оқуға дайындығы мен кәсіби бейімділігіне ерекше назар аударылады. Министр сондай-ақ, ҰБТ-ны бір рет тапсыру форматына көшіру ұсынылып отырғанын атап өтті. Оның сөзінше, бұл шешім грант конкурсына қатысу кезінде әділ әрі объективті бағалауды қамтамасыз етуге бағытталған. Ал талапкерлердің дайындық деңгейін тексеру үшін сынақ тестілеу жүйесі сақталады.

Бұдан бөлек, жоғары оқу орындарына Foundation бағдарламалары арқылы шартты қабылдау тәжірибесінен бас тарту жоспарланып отыр. Себебі мұндай жүйемен қабылданған студенттердің едәуір бөлігі оқу барысында қажетті шекті баллды жинай алмайды. «ҰБТ жүйесін өзгерту - тестілеуден бас тарту емес. Бұл - дарынды талапкерлерді анықтап, әділ іріктеуге бағытталған маңызды қадам», - деп қорытындылады Аида Балаева. Жалпы, ұсынылып отырған өзгерістер білім беру сапасын арттырып, елдің ұзақ мерзімді дамуына негіз болады деп күтілуде.

Ауданның ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі.

Аудандық мәслихатта

ШЕТ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ӨКІМІ

21 сәуір 2026 жыл
Шет аудандық мәслихатының кезектен тыс XXXI -сессиясын шақыру туралы
Аудан әкімінің ұсыны-

№38 ө
сы бойынша сегізінші шақырылған Шет аудандық мәслихатының кезектен тыс XXXI-сессиясы 2026 жылғы 24 сәуірінде сағат

Ақсу-Аюлы ауылы
10.00-де онлайн режимде шақырылсын.
Аудандық мәслихаттың төрағасы С.СОЦИАЛ.

ХАБАРЛАМА

Шет аудандық мәслихатының 2026 жылғы 24 сәуіріндегі кезектен тыс XXXI-сессиясының қарауына мынандай мәселелер ұсынылады:
1. Шет аудандық мәслихатының 2023 жылғы 24 қарашадағы «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағида-

ларын бекіту туралы» №6/63 шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
2. Шет аудандық мәслихаты депутатының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы;
3. Басқа да мәселелер.

Аудандық мәслихаттың төрағасы С.СОЦИАЛ.

БАСПАСӨЗ БАРШАҒА!
“ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

КҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР “ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ГАЗЕТІМЕН БІРГЕ БОЛЫҢЫЗДАР!

АУДАНДЫҚ “ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ 6 АЙҒА 3335.76 ТЕНГЕ ИНДЕКСІ 65049

АУДАНДЫҚ АПТАЛЫҚ БАСЫЛЫМҒА “ҚАЗПОЧТА” АҚ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРЛЕРДЕГІ БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ.

Иманы кемел ел мықты!

ОТАНСҮЙГІШТІК, ДӘСТҮР МЕН МӘДЕНИЕТ - ҰЛТЫМЫЗДЫҢ РУХАНИ ІРГЕТАСЫ

Қоғамның дамуы мен ұлттың болашағы оның рухани құндылықтарымен тікелей байланысты.

Отанға деген сүйіспеншілік, ата-баба дәстүріне құрмет және ұлттық мәдениетті сақтау - әрбір азаматтың басты міндеті. Бұл құндылықтар ұлттың болмысын айқындап қана қоймай, оның мәңгілік өмір сүруінің кепілі болып табылады.

Отансүйгіштік - әр жүректе, Отансүйгіштік - құр сөз емес, ол әр адамның жүрегінде орныққан қасиет. Туған жерге деген махаббат, елдің тыныштығы мен дамуына үлес қосу - нағыз патриотизмнің көрінісі.

Қазақ халқы тарихтың талай қиын-қыстау кезеңдерінен өтіп, тәуелсіздігін сақтап қалды. Сол жолда батырлар жанын құрбан етсе, даналар ел бірлігін сақтауға күш салды.

Бүгінгі таңда Отанды сүйу тек шекараны қорғаумен ғана шектелмейді. Ол - білім алу, адал еңбек ету, қоғамға пайда келтіру, мемлекеттік тілді құрметтеу арқылы көрінеді. Әрбір жас өз елінің болашағы үшін жауапты екенін сезінуі тиіс.

Дәстүр - ұлттың тамыры.

Халқымыздың салт-дәстүрлері - ғасырлар бойы қалыптасқан рухани қазына. Үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, қонақжайлық, жеті атаға дейін қыз алыспау сияқты дәстүрлер қазақ қоғамының ерекше болмысын көрсетеді. Бұл құндылықтар тек әдет-ғұрып қана емес, тәрбиенің алтын діңгегі. Қазіргі заманда кейбір ұлттық дәстүрлер ұмытылып бара жатқандай көрінеді. Алайда оларды жаңғырту - уақыт талабы. Себебі дәстүрінен ажыраған ұлт өз тамырынан қол үзеді. Сондықтан әр отбасы өз баласына ұлттық тәрбиені сіңіріп, салт-дәстүрді күнделікті өмірде қолдануы қажет.

Мәдениет - рухани байлықтың айнасы.

Мәдениет - халықтың жан дүниесін танытатын басты көрсеткіш. Қазақтың ән-күйі, әдебиеті, қолөнері - ұлттың бай мұрасы. Домбыраның үні, жыраулардың толғауы, ақындардың өлеңі - бәрі де ұлттық рухты асқақтатады. Бүгінгі жастардың мәдениетке деген қызығушылығын арттыру - маңызды міндеттердің бірі. Театр, кітап оқу, ұлттық өнерді қолдау - рухани дамудың негізгі жолдары. Заманауи техно-

логиялар дәуірінде де ұлттық мәдениетті жаңаша дәріптеу қажет.

Жастар және ұлттық құндылықтар. Жастар - ел болашағы. Сондықтан олардың бойында Отанға деген сүйіспеншілік, дәстүрге құрмет және мәдениетке қызығушылық қалыптастыру аса маңызды. Білім беру мекемелері мен ата-аналар бұл бағытта бірлесе жұмыс істеуі керек. Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген жас - елінің нағыз жанашыры болады. Ол тек өзінің ғана емес, тұтас қоғамның дамуына үлес қосады.

Қорытынды

Отан сүйгіштік, дәстүр мен мәдениет - ұлтымыздың рухани тірегі. Бұл құндылықтарды сақтау - өткенге құрмет, бүгінге жауапкершілік және болашаққа сенім. Әрбір азамат осы қасиеттерді бойына сіңіріп, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге атсалысуы тиіс. Сонда ғана еліміздің рухы биік, іргесі берік болмақ.

А.АХМЕТОВ,
Шет ауданы ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы.

Өз құқығыңды біл!

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕПІЛДІКТЕРІН ІСКЕ АСЫРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету - мемлекеттік басқару жүйесінің маңызды және өзекті бағыттарының бірі болып табылады.

Бұл ретте, азаматтармен қатар мемлекеттік қызметшілердің де құқықтарын қорғау, олардың бұзылуы анықталған жағдайда қалпына келтіру Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен оның аумақтық бөлімшелерінің басым міндеттерінің қатарына кіреді.

Осы бағыттағы жұмыстарды жүзеге асыру барысында Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің департаментімен мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау шеңберінде бірқатар талдау және тексеру іс-шаралары жүргізілді.

Атап айтқанда, 2025 жылы еңбек демалысын уақтылы бермеу фактілері бойынша жүргізілген талдау нәтижесінде Департаменттің араласуымен 146 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қалпына келтіріліп, оларға тиесілі өсімпұл төлемдері төленді.

2023 жылдан бастап уәкілетті органға мемлекеттік органдарға бару, қолжетімділікті бақылау және басқару жүйелері арқылы мониторинг жүргізу функциясы берілген.

Жұмыс уақыты режімінің сақталуын бақылау нәтижесінде 2025 жылдың 12 айында 180 мемлекеттік қызметшінің үстеме жұмысқа тартылғаны анықталды. Тиісті шаралар қабылданып, оларға қосымша тынығу сағаттары берілді. Бұл бағыттағы бақылау мемлекеттік қызметшілердің еңбек құқықтарының сақталуын қамтамасыз етудің тиімді тетіктерінің бірі болып отыр.

Мұндай құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында өңірдегі мемлекеттік органдар арасында тұрақты түрде түсіндіру және профилактикалық жұмыстар жүргізілуде.

Бұдан бөлек, мемлекеттік қызметшілердің

әлеуметтік-тұрмыстық және өзге де жеке қажеттіліктерін қызметтік міндеттерімен үйлестіру мақсатында икемді жұмыс уақыты режимін қолдану мүмкіндігі қарастырылған.

Бүгінгі таңда өңірде 29 мемлекеттік қызметші осы режимді пайдаланып отыр. Икемді жұмыс уақытының енгізілуі қызмет тиімділігін арттыруға және қызметшілердің еңбек жағдайын жақсартуға оң әсерін тигізуде.

Бұдан бөлек, тәртіптік жазаларды қолдану тәртібінің бұзылуына қатысты деректер де анықталды. Нәтижесінде жүргізілген бақылаудың қорытындысы бойынша 4 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қалпына келтірілді.

Сондай-ақ, Департаментке азаматтардан келіп түскен арыз-шағымдарды қарау және жоспардан тыс тексерулер жүргізу нәтижесінде де құқық бұзушылықтардың жолы кесілуде.

Көп жағдайда тексерулерге негіз болатын жайт - едәп нормаларының бұзылуы, мемлекеттік органдарда өткізілген бос лауазымдарға орналасу конкурстары, сыйақы тағайындау кезінде орын алған бұзушылықтар және тағы басқа да тақырыптардағы азаматтардың шағымдары болып табылады.

Жүргізілген профилактикалық және жоспардан тыс бақылау шараларының нәтижесінде 10 азаматтың және 5 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қалпына келтірілді.

Жалпы алғанда, атқарылып жатқан бұл жұмыстар мемлекеттік қызмет жүйесіндегі заңдылықты нығайтуға, қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыруға, сондай-ақ, мемлекеттік аппараттың ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Д.АБДРАХМАНОВ,
МҚІА Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары.

Жаңа Конституция - бірлігіміздің тірегі

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ - ДАМУДЫҢ БАҒДАРЫ

Еліміздің басты заңы - Конституция әрбір азаматтың құқығы мен бостандығын айқындайтын, мемлекеттің даму бағытын белгілейтін негізгі құжат болып табылады. Қазіргі таңда жаңа Конституция қоғам сұранысына сай жаңарып, ел дамуының жаңа кезеңіне жол ашуда.

Жаңа Конституцияның басты ерекшелігі - халық мүддесіне басымдық берілуі. Азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қорғау күшейтіліп, әділетті қоғам құруға бағытталған

нақты тетіктер енгізілді. Бұл - елдегі демократиялық құндылықтардың нығаюына, заң үстемдігінің орнығуына ықпал етеді.

Сонымен қатар, жаңа өзгерістер мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған. Билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік сақталып, олардың жауапкершілігі арта түсті. Бұл өз кезегінде ашықтық пен тиімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жаңа Конституция - тек құқықтық құжат қана емес, ол ел болашағына деген

сенімнің кепілі. Қоғамдағы әрбір азаматтың белсенділігі мен жауапкершілігі осы заңның толық жүзеге асуына негіз болады. Өйткені, мемлекет пен халық арасындағы өзара сенім мен бірлік - табысты дамудың басты факторы.

Қорытындылай келе, жаңа Конституция еліміздің тұрақтылығы мен өркендеуіне қызмет ететін маңызды қадам. Бұл құжат арқылы біз әділетті, дамыған және біртұтас Қазақстанды бірге қалыптастырамыз.

М.АМАН,
Киікті ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

Лудан тұрғындары назарына!

ХАБАРЛАНДЫРУ

2026 жылғы 24 сәуір күні сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін аудандағы жұмыссыз тұрғындарға арналған бос жұмыс орындары мен бос қызмет орындарының аудандық жәрмеңкесі өткізіледі.

Іс-шара Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 70А мекен-жайында орналасқан «Шет ауданы жастар ресурстық орталығында» ұйымдастырылады. Аталған жәрмеңкенің негізгі мақсаты - халықтың жұмыспен қам-

тылу деңгейін арттыру, жұмыссыздық деңгейін төмендету, сондай-ақ, жұмыс берушілер мен жұмыс іздеп жүрген азаматтар арасында тікелей байланыс орнату болып табылады.

Жәрмеңке барысында жұмыс берушілер өздерінің бос жұмыс орындарын ұсынады, ал жұмыс іздеушілер мамандардан кеңес алып, түйіндеме тапсырып, жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болады. Сонымен қатар, қатысушыларға мемлекеттік бағдарламалар аясында жұмысқа орналасу, кәсіптік оқыту және еңбек нарығындағы

өзге де мүмкіндіктер туралы толық ақпарат беріледі.

Барлық жұмыс іздеуші азаматтарды және бос жұмыс орындарын ұсынатын жұмыс берушілерді аталған іс-шараға белсенді қатысуға шақырамыз!

Келіңіздер, жаңа мүмкіндіктерді бірге табайық!

Шет аудандық «Мансап» орталығы.



Таза ауыл. Таза өлке. Таза ел!

СЕНБІЛІК ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТТІ

орындар ретке келтірілді. Құраған шөптер мен қоқыстар жиналып, жалпы көлемі 10 текше метр қоқыс арнайы орындарға шығарылды.

Сонымен қатар, көгалдандыру жұмыстарына ерекше көңіл бөлініп, кент бойынша 120 түп ағаш отырғызылды. Бұл игі іс алдағы уақытта елді мекеннің экологиялық жағдайын жақсартып, табиғи көркін айшықтай түсетіні сөзсіз. Тазалық шарасына кент әкімдігі, мәдениет үйі, кітапхана, теміржол саласынан, балабақша, мектеп, почта, білім беру, денсаулық сақтау және басқа да мекемелердің қызметкерлері мен кент тұрғындары да белсене қатысып, атса-

лысты. Олар аулалар мен ғимараттардың айналасын ретке келтіріп, гүлзарлар мен жасыл аймақтарды абаттандыруға өз үлестерін қосты.

Осындай игі бастамалар кент тұрғындарын табиғатты аялауға, туған жердің тазалығына жауапкершілікпен қарауға үндейді. «Таза Қазақстан» акциясы - тек бір күндік шара емес, ол - әр азаматтың күнделікті дағдысына айналуы тиіс маңызды міндет.

Таза әрі көрікті кент - баршамыздың ортақ еңбегіміздің нәтижесі.

**Р.ЗӘМІРБЕКҚЫЗЫ,
С.Сейфуллин кенті.**

Сәкен Сейфуллин атындағы кентте «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында кең ауқымды сенбілік ұйымдастырылып, кент тұрғындары мен мекеме қызметкерлері бір кісідей атсалысты. Іс-шараның басты мақсаты - қоршаған ортаны қорғау, елді мекеннің көркін арттыру және тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру.

Акция барысында кент аумағында тазалық жұмыстары жүргізіліп, көшелер мен қоғамдық



АУЫЛ ТАЗАЛЫҒЫ - БАРШАҒА ОРТАҚ

Ақой ауылында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында кең көлемді сенбілік ұйымдастырылды. Бұл игі шара - ауыл аумағында санитарлық тазалықты сақтау, қоршаған ортаны қорғау және елді мекенді абаттандыру мақсатында өтті.

Сенбілік барысында ауылдың барлық көшелері, қоғамдық орындары мен киелі нысандары қоқыстан тазартылып, айналасы ретке келтірілді. Ауыл тұрғындары бір күнін тазалық жұмыстарына арнап, белсенділік танытты. Әр ауыл тұрғыны өз үйінің маңын тазалап, қоршаған ортаның тазалығына жау-

апкершілікпен қарады. Тазалық жұмыстары кезінде шашылған қоқыстар жиналып, құраған шөптер жұлынып, арықтар тазартылды. Сонымен қатар, киелі орындардың маңына көшеттер отырғызылып, көгалдандыру жұмыстарына да ерекше көңіл бөлінді.

Ауыл аумағынан жалпы көлемі 50 тоннаға жуық күл-қоқыс шығарылды. Бұл - ауыл тұрғындарының ұйымшылдығы мен ортақ іске деген жанашырлығының айқын көрінісі. Сенбілікке ауыл ақсақалдарынан бастап, жастарға дейін бір кісідей жұмыла қатысып, туған жердің тазалығына өз үлестерін

қосты.

Мұндай шаралар ауылдың көркеюіне ғана емес, тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға да зор ықпал етеді. Таза ауыл - денсаулық кепілі әрі болашақ ұрпаққа қалдырар ең құнды мұра. Алдағы уақытта да «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы тазалық жұмыстары өз жалғасын табатын болады. Ауыл тұрғындары барша жұртшылықты тазалықты сақтауға, туған жерді бірге көркейтуге шақырады.

**К.ЫНТЫБЕКОВА,
Ақой ауылы.**



ТАЗАЛЫҚ - ТАБАЛДЫРЫҚТАН БАСТАЛАДЫ

Ақжал кентінде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында ауқымды «Таза аула» сенбілігі ұйымдастырылды. Кент әкімдігінің бастамасымен өткен бұл шараға ақжалдықтар белсене қатысып, ауызбіршілігі мен туған өлкеге деген жанашырлығын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған бұл акция - жай ғана қоқыс жинау емес, қоршаған ортаға деген жаңа көзқарас пен экологиялық мәдениетті қалыптастырудың жарқын үлгісі. Осы бағытта Ақжал кенті де шет қалмай, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына білек сыбана кірісуде.

Сенбілік барысында кенттің санитарлық жағдайын жақсарту мақсатында кешенді жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, тұрғын үй секторлары - көпқабатты үйлердің аула-

лып, демалыс орындарының эстетикалық кейпі қалпына келтірілді.

Бірлік бар жерде - береке бар. Бұл игі іске кентіміздің ақсақалдарынан бастап, жас еріктілер мен кәсіпорын қызметкерлеріне дейін атсалысқаны қуантады. Туған өлкенің тазалығына бей-жай қарамайтын әрбір тұрғын - біздің ортақ үйіміздің көркейіп, гүлденуіне өз үлесін қосты. Біздің мақсатымыз - тек бір күндік науқанмен шектелмей, тазалыққа күнделікті қарап, әдетке айналдыру.

«Таза Қазақстан» акциясы аясындағы жұмыстар мұнымен тоқтап қалмайды. Кентті абаттандыру, жасыл желектерді көбейту және экологиялық сауаттылықты арттыру шаралары алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғаса бермек.

Айналасын таза ұстаған халықтың болашағы да жарқын болады», - демекші, ортақ іске атсалыс-



лары мен кіреберіс маңайлары тұрмыстық қоқыстан толық арылды. Кенттегі әлеуметтік нысандар, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар өздеріне бекітілген аумақтарды ретке келтіріп, қоршауларды сырлап, ағаш түптерін өктеді. Ойын алаңдары мен саябақтардағы шашылған қоқыстар жина-

қан барша Ақжал тұрғындарына, еріктілер мен мекеме ұжымдарына шексіз алғысымызды білдіреміз. Кентіміздің көркі - біздің қолымызда!

**М.АРЫСТАНБЕКОВА,
Ақжал кенті әкімдігінің
бас маманы.**



Телекөпір

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН - ҰЛЫ ТҰЛҒА

Биыл қазақтың біртуар перзенті, ағартушы-педагог, жазушы әрі қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің туғанына 185 жыл толып отыр. «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат» деп ұрандатқан ұлы ұстаз - қазақ даласында алғаш мектеп ашып, қараңғылықтың пердесін түріп, білім нәрін сепкен тұлға. Оның «Кел, балалар, оқылық!» деген үндеуі ғасырлар бойы маңызын жоймай, бүгінгі жас ұрпақтың бойтұмарына айналды. Ыбырай Алтынсариннің 185 жылдық аясында өскелең ұрпаққа ұлағатты ұстаздың мұрасын дәріптеу мақсатында айтулы шара өтті.

Шет аудандық балалар кітапханасы мен Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданындағы Балғабай Өтешов атындағы үлгілі балалар кітапханасының ұйымдастыруымен «Ыбырай Алтынсарин - ұлы тұлға» атты тағылымды телекөпір ұйымдастырылды. Екі өңірдің оқырман-



дары мен кітапханашыларын біріктірген бұл шара заманауи форматта өтіп, рухани сабақтастықтың жарқын үлгісін көрсетті.

Мерекелік шараның шымылдығын кітапхана оқырманы Мәулет Ернар күмірлеткен күймен түрді. Оның орындауындағы «Ер Тұран» күйі жи-

налған қауымды бірден асқақ рух пен ұлттық намыс айдынына жетелеп, кештің айбынын асыра түсті.

Телекөпірге Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясының 5-6 сынып оқушылары қатысты. Жас оқырмандар ұлы ағартушының өмірі мен шығармашылығына терең үңіліп, өз

білімдерін ортаға салды. Сонымен қатар кітапхана қызметкері Думан Әміржанұлы Молдабеков ұлы ұстаздың бейнесін сомдап, жүрекке жетерлік монолог оқыды. Шарада Ыбырай бейнесінің қайта жаңғыруы оқырмандардың өткен ғасырға сапар шектіріп, ағартушының арманы мен мақсатын тереңірек сезінуге мүмкіндік берді.

Ал, кітапханамыздың тұрақты оқырмандары Тойғанбай Толғанай, Ақтан Айбын және Нияз Ақниет ақынның өлеңдерін нақышына келтіріп, мәнерлеп оқып берді. Оқушылардың ынтасы мен шеберлігі көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп, зор қошеметке ие болды.

Кеш барысында кітапхана қызметкері Бағдат Хасенқызы арнайы дайындалған «Ұлттың

ұлы ұстазы» атты кең көлемді кітап көрмесін таныстырды. Көрмеге Ыбырай Алтынсариннің өзі жазған төл туындылары, ол туралы зерттеу еңбектері мен естеліктер қойылды. Бағдат Хасенқызы әрбір туындының маңызына тоқталды.

Шараның соңы мәдениет үйінің қызметкері Дюсебеков Сәкеннің орындауындағы «Ақсу-Аюлым» өнімен түйінделді. Әсем ән кештің ажарын ашып, қатысушыларға ерекше көңіл-күй сыйлады.

Бұл телекөпір тек ақпарат алмасу емес, жас буынның санасына патриоттық сезім ұялатқан мазмұнды жиын болды. Ыбырай Алтынсарин салған сара жол - білім мен ғылым жолы бүгінгі тәуелсіз елдің ұрпақтары үшін ерқашан темірқазық болып қала бермек.

Ляззат ШЛИКБАЕВА,
аудандық балалар
кітапханасының
менгерушісі.

23 сәуір - Дүниежүзілік кітап күні

КІТАПХАНАМЕН БАЙЛАНЫС - РУХАНИ ДАМУДЫҢ АЛТЫН КӨПІРІ

Жыл сайын атап өтілетін 23 сәуір - дүниежүзілік кітап күні - адамзаттың ең ұлы қазынасына деген құрметтің белгісі. Кітап - өткен мен бүгінді жалғап, болашаққа бағыт беретін рухани көпір. Ол - тек білім көзі ғана емес, адамның жан дүниесін байытатын, ой-санасын кеңейтетін, өмірге деген көзқарасын қалыптастыратын ерекше өлем.

Қай кезеңде болмасын, кітаптың орны бөлек. Ұлы ойшылдар мен ғалымдар, ақын-жазушылар өздерінің терең ойларын, өмірлік тәжірибесін кітап арқылы жеткізді. Кітап - үнсіз ұстаз. Ол ешқашан жалықпайды, әрдайым адамға бағыт-бағдар береді.

Бүгінгі цифрлық заманда ақпарат алу жеңілдегенімен, кітаптың маңызы кеміген жоқ. Керісінше, шынайы білім мен терең ойға жетелейтін ең сенімді құрал ретінде кітаптың рөлі арта түсті. Экраннан алынған үстірт ақпаратқа қарағанда, кітап оқу адамның зейінін арттырып, ойлау қабілетін дамытады. Сондықтан жас ұрпақты

кітап оқуға баулу - бүгінгі қоғамның маңызды міндеттерінің бірі.

Осы орайда мектеп пен кітапхана арасындағы байланыс ерекше маңызға ие. Әсіресе, 5-сынып оқушыларының кітапханаға деген қызығушылығы қуантады. Олар кітапханамен тығыз байланыс орнатып, түрлі іс-шараларға белсенді қатысып келеді. Бұл - олардың рухани дамуына, білімге деген құштарлығына он әсерін тигізетін маңызды қадам.

Мектеп кітапханасында ұйымдастырылатын әрбір шара - оқушылар үшін жана мүмкіндік. Кітап көрмелері, әдеби кештер, әртүрлі тақырыптардағы іс шаралар барлығы балалардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталған. 5-сынып оқушылары мұндай іс-шараларға ерекше қызығушылықпен қатысып, өздерінің шығармашылық қабілеттерін де көрсетіп жүр.

Жақында кітапханашы Жонкина Райгүл Жұмагелдіқызының ұйымдастыруымен өткен «Рухани өмір тетігі - кітап оқу» атты іс-

шарада оқушылар өздерінің сүйікті кітаптары туралы ой бөлісіп, түрлі тапсырмалар орындап, сұрақтарға жауап берді. Бұл шара балалардың тек оқырман ретінде емес, шығармашыл тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етіп, оқушылардың білімін толықтырып, қызығушылықтарын арттыра түсті.

Кітапханамен тұрақты байланыста болу - оқушылардың оқу мәдениетін қалыптастырады. Олар кітап таңдауды, ақпаратпен жұмыс істеуді, өз ойын жүйелі жеткізуді үйренеді. Бұл дағдылар болашақта кез келген салада табысты болуға негіз болады. Сондықтан кітапхана - тек кітап алатын орын ғана емес, оқушының тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін маңызды орта.

Бүгінгі оқушылары - ертенгі ел болашағы. Олардың кітапқа деген қызығушылығы, білімге ұмтылысы - қоғамның дамуының кепілі. Кітапхана мен мектептің бірлескен жұмысы осы бағытта үлкен рөл атқарады. Мұндай ынталық қатынас балалардың бос



уақытын тиімді өткізуіне, пайдалы істермен айналысуына мүмкіндік береді.

Кітап күні - әрқайсымызға ой салатын ерекше мереке. Бұл күні біз кітаптың құндылығын тағы бір еске алып, оның өміріміздегі орнын бағамдаймыз. Әсіресе, жас ұрпақтың кітапқа жақын болуы - үлкен жетістік.

Кітап - адам өмірінің ажырамас бөлігі. Ол - білімнің кілті, тәрбиенің негізі, руханияттың тірегі. Кітапханамен тығыз байланыста болып, түрлі іс-шараларға

белсенді қатысып жүрген 5-сынып оқушылары соның айқын дәлелі.

Кітап оқитын ұрпақ - жарқын болашақ кепілі. Сондықтан кітапты серік етіп, рухани дамуға бірге қадам жасайық!

Толқнай БЕГЕЛЬДИЕВА,
Ж.Ақылбаев атындағы
мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

Чернобыль апатына - 40 жыл

ЧЕРНОБЫЛЬ АПАТЫ - ҒАСЫР ДЕРТІ

Чернобыль апаты - адамзат тарихындағы ең ірі техногендік апаттардың бірі. Биыл Чернобыль атом электр станциясындағы жарылысқа 40 жыл толды. Қара бұлттай тұмшалаған сол бір зұлматты кезеңде жүздеген мың адам өз өмірлерін қатерге тігіп, адамзат тағдыры үшін күресті.

1986 жылдың 26-шы сәуірінде бұрынғы КСРО құрамындағы Украина жерінде орналасқан Чернобыль атом электр станциясындағы төрт ядролық реактордың бірі жарылып, аса ірі ядролық апат орын алды. Апат Припять қаласы маңында орналасқан атом станциясында болды. Жарылыс кезінде реактордан радиация ауаға тарайды. АЭС-тен радиусы 30 шақырымға дейінгі аумақта тұратын тұрғындардың бәрі

басқа жерлерге көшірілді. Чернобыль салдарын жоюға қатысқан мыңдаған біздің Отандастарымыздың ерлігі мен жігері болмаса, апаттың көлемі одан да үлкен болуы мүмкін еді. Олар өз өмірі мен денсаулықтарын тәуекелге тігіп, әлем халқын радиациялық зиянды әсерінен қорғады.

Оның ішінде Қарағанды облысынан да жүздеген адам қатысқан. Олар радиация қаупіне қарамастан, адамдарды үлкен қауіптен қорғау жолында аянбай еңбек етті. Олардың қатарында біздің ауданымыздан да шыққан азаматтар өз өмірлерін қатерге тігіп, Чернобыль аймағында қызмет етіп радиация таралуының алдын алуға, апат салдарын жоюға өз үлестерін қосты. Бұл шынайы батырлықтың, елге деген адалдықтың көрінісі.

Осыған орай Шет аудандық

археологиялық-этнографиялық музейінде «Чернобыль апаты - ғасыр дерті» атты тақырыптық музейлік сабақ өтті. Сабаққа Шет агротехникалық колледж студенттері мен Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектебінің оқушылары қатысты. Іс-шара барысында қатысушылар 1986 жылғы 26 сәуірдегі қайғылы оқиғалармен танысып, Чернобыль атом электр станциясы апатының себептері, оның ауқымы және қоршаған орта мен адам денсаулығына тигізген ұзақ мерзімді зардаптары туралы мәлімет алды. Сонымен қатар Чернобыль апатының шығу себебі туралы деректі фильм көрсетіліп, «Чернобыль апаты - ғасыр дерті» атты көрмемен таныстырылды.

Сабақтың екінші бөлімінде қатысушылар Чернобыль тақырыбына арналған «Тарих пазлы» пазлды жарыса құрасты-



рып, суретте не бейнеленгенін тапса, «Жасырын сөзді тап» ойынында аралас әріптерден сөз құрау, карточкалар жинағындағы сұрақтарға топқа бөлініп жауап беріп, аса белсенділік танытты. Чернобыль апатының салдары талай тағдырға із қалдырды. Бүгінде сол ержүрек азаматтарды еске алу - біздің

қасиетті борышымыз. Олардың ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Тақырыптық сағат соңында қатысушылар қаза болғандарды бір минут үнсіздікпен еске алып, естелік суретке түсті.

Анар ТӘЖІБЕКОВА,
аудандық музей
әдіскері.



Ұлттық ғашықтар күні

БІЗ ҒАШЫҚ ЖАНДАРМЫЗ

Жақында аудандық мәдениет үйінде 15 сәуір-«Қозы Көрпеш - Баян сұлу» күніне арналып «Біз - ғашық жандармыз» атты әдеби-сазды кеш болып өтті. Ғасырлар қойнауынан жеткен шынайы махаббаттың жыры. Қозы мен Баянның тағдыры - тек аңыз емес, ол - сезімге адалдықтың, сертке беріктіктің мәңгілік үлгісі. Махаббат - адамзаттың ең асыл қазынасы. Ол жүректі тербейді, жанды нұрландырады, өмірге мән береді. Ал Қозы мен Баянның махаббаты - сол асыл сезімнің ең биік шыңы.

Осыған орай өткізілген алғашқы концерттік бағдарлама Батырхан мен Құндыздың «Қозы Көрпеш, Баян сұлу» диалогымен ашылып, бишілер тобы «Ақба-ян» биін нақышына келтіре орындап шықты. Бұдан соң мерекелік кеш Нілдібаев Ардақ пен Жұмабекова Гүлмираның орындауында «Әдемі» әнімен жалғасып, көрермендер ризашылығына бөленді. Бұдан соң сахна

төріне көтерілген мәдени-сауық орталығының әншісі Ернұр мен Мәриямның орындауында «Сағыныш» әніне көрермендер тарапынан ыстық ықылас танытылды.

Бұл кеште өнер көрсеткен Ақадыр кентінен келген «Дан-Ай»

Арайлым Артықбаева «Өз жүрегіңнен ұялмайсың ба» әнін нақышына келтіре орындап, жүректерге жылылық ұялатты.

Сахна төрінде бірлікті ту еткен, өнерді серік еткен талантты жандардың басын қосқан Ақсу-Аюлы мен Ақадыр

мен Ферузаның дуэтіне көрермендер ду қол соғып, ризашылық білдірді.

Әдемі кештің одан әрі шырайын кіргізген аудандық мәдени-сауық орталығының өнерпазы, әнші, театр әртісі Бекзат Аханов өнердегі, өмірдегі жұбы Балаусамен «Жоқ жаным» әнін нақышына келтіре орындап, мерекелік кешке келген аудан тұрғындарын әдемі әсерге бөлегені анық.

Әдеби-сазды кеште сахна төріне шыққан өнер иесі, тыңдарман жүрегінен әлдеқашан орын тапқан әнші, Ақой ауылынан келген Ақнұр Жанабайды көрермен қауым зор қошеметпен қарсы алды. Ол «Ауа райы» әнімен барша қауымды тамаша әсерге бөледі. Бұдан соң «Сәлеметсіз бе» әнімен сахнаға шыққан Батырхан мен Құндыздың өнерін бағалаған өнер сүйер қауым, ду қол соқты.

Көңілге шабыт, жанға жылу сыйлай білген,

өуені жүректі тербеп, әр тыңдарманның жан дүниесіне сәуле шашқан қос өнер иелері Ақжал мен Кеншоқы ауылдарынан келген қос талантты әншілер Нұрбек пен Динараны жиналғандар зор қошеметпен қарсы алды. Олар «Бағым сен» әнін нақышына келтіре орындап, ыстық ықыласқа бөленді.

Иә, махаббаттың мәңгілік символына айналған ғашықтар хикаясы - жүректерді әрдайым толқытып жүрген өнер иелері, Ақой ауылынан келген қос әнші Жәнібек пен Ботагөз «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» әнін тамылжыта орындап, әдеби-сазды кешті әдемі аяқтады.

Ғашықтар күніне арналған мерекелік кеште әсем әндер шырқап, көрерменнің зор ықыласына бөленіп, үйлесімі мен орындаушылық шеберліктерімен көрермен көңілінен орын алып жатқан өнерлі жастарға ризашылық танытқан аудан жұртшылығы, тамаша көңіл күймен тарқасты.

Ж.ТҮЯҚБАЙҚЫЗЫ.

“ҚОЗЫ КӨРПЕШ - БАЯН СҰЛУ”
ӘДЕБИ - САЗДЫ КЕШІ

Дүние жүзінде, әсіресе жастар арасында 14 ақпан - Әулие Валентин күні махаббаттың мерекесі ретінде кеңінен тойланып жүргені белгілі. Алайда, әр халықтың өзіне тән салт-дәстүрі, дүниетанымы, махаббатқа деген көзқарасы бар. Сол тұрғыдан келген-

- Ұлттық ғашықтар күні ретінде айрықша атап өтіліп келеді. Аталған мереке жастарды адалдық пен пәктікке жетелейтін, шынайы махаббаттың мәнін ұғындыратын, ұлттық тәрбиені дәріптейтін рухани күнге айналдырып отыр. Жыл өткен сайын

көрермен көңілінен ерекше орын алды.

Кешке тек қана ақадырлықтар ғана емес, ауданымыздың Ақсу-Аюлы, Талды, Бұрма, Тағылы ауылдарының көркемөнерпаздары да қатысып, өз өнерлерін ортаға салды.

Мерекелік кештің шымылдығы жоғарыда аталып өткен ауыл, кенттердің мәдениет қызметкерлерінен құралған “Өнерпаздар” ансамблінің сүйемелдеуімен квартеттің орындауында «Сен келерсің» әнімен ашылды. «Ақ тілек» әнін жерлесіміз Айнұр Данабекова нақышына келтіре орындап шықты. Ақсу-Аюлыдан келген Құндыз Нуркина мен Батырхан Көріп «Сәлеметсіз бе?» әнімен жалғастырып жатты.

Аудандық мәдени-сауық орталығының өнерпазы, әнші, театр әртісі Бекзат Аханов «Ханзада болайын сенің» және «Таңғы елес» әндерін орындап, көрермендердің қошеметіне бөленді. Залда отырған өнерсүйер қауым Гүлмира Жұмабекова мен Медет Ажарбековтің дуэтпен орындаған «Сенім шырағы», «Неге, неге?» әндерін ыстық ықыласпен, қиқұла-та қарсы алды. Тағы да бір ерекше дауысы бар Арайлым Артықбаева әнші «Түнгі сыр», «Өз жүрегің-



нен ұялмайсың ба?» әндерін шырқағанда, көрермен қауым ерекше әсермен қарсы алып, ду қол шапалақтың астына алды. Келесі сахнаға шыққан дуэт Құндыз Нуркина мен Ержан Әжібек «Қызғалдақ» әнімен мерекелік кешті әдемі әсерге бөлегені анық.

Соңғы кезде кентіміздің мәдени-сауық орталығының жұмысында жаңа серпін, тың өзгерістер байқалуда. Соның жарқын көрінісі - «Дана-Ай» және «Бақыт мекені» вокалды дуэттерінің құрылуы. Бұл екі дуэт мерекелік кештерде әсем ән шырқап, көрерменнің зор ықыласына бөленіп жүр. Екі дуэт тек ауданымызда емес, облысымыздың қала, аудандарында танымал болып келеді.

Дана Данабекова мен Айзада Рысбекова «Жалғандағы жан гүлім» әнін және танымал хиттерден попури орындаса, Айбота Қалабаева мен Алмаз Қайрат «Жоқ демеймін», «Сен керексің» әндерін

шеберлікпен жеткізіп, кештің көркін қыздыра түсті.

Екі дуэттің сахнадағы үйлесімі мен орындаушылық шеберлігі көрермен көңілінен орын алып, мәдени шараның мазмұнын байыта түсті. Осындай өнерлі жастардың арқасында кентіміздің мәдени өмірі жанданып, рухани кештерге деген қызығушылық арта түсетіні сөзсіз.

Қорыта айтқанда, «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» кеші - жастарды тек махаббатқа емес, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, ата-баба аманатына адал болуға үндеген тағылымды, мазмұнды шара болды. Осындай игі бастамалар жалғасын тауып, ел жастарының жүрегінде шынайы махаббат пен ұлттық рухтың шамы әрдайым жарқырай берсе екен деген тілек бар.

Қ.БЕКҚОЖИН,
Ақадыр кенті.



де, сырттан енген бұл мерекенің біздің ұлттық болмысымызға сай келмейтіні де жасырын емес. Соған қарамастан, қазақ жастарының да оны жаппай атап өтуі ойландырмай қоймайды.

Осындайда халқымыздың төл құндылықтарын жаңғыртып, ұлттық рухты көтеруге бағытталған игі бастамалардың маңызы арта түседі. Соңғы жылдары елімізде 15 сәуір

аз да болса бұл мерекенің мазмұны тереңдеп, ауқымы кеңейіп келе жатқаны да соның айғағы.

Осы игі дәстүрдің жалғасы ретінде Ақадыр кенті тұрғындары мәні мен мағынасы терең, тағылымы мол шараның куәсі болды. Атап айтқанда, Ш.Бейсекқызы атындағы мәдени-сауық орталығының ұйымдастыруымен өткен «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» атты мерекелік әдеби-сазды кеш

Естелік

АБЗАЛ ЖАНДАР ЕДІ

Адам өзінің жанын ұсақ, уайым, болымсыз қам-қарекеттің дертінен былғанудан сақтауы керек. **М.Әуезов.**

Қазіргі алмағайып, мың құбылып тұрған заманда жел айдаған күзгі жапырақ сияқты өмір көші толассыз өтіп жатыр. Өмірдің саналы және мәнді болуы үшін басқалардың құрған қағидасымен емес, әр адам өз ұстамымен, өмірге деген құштарлығымен, бар ынтасымен өмір сүру керек.

Мұның ең қиыны-күндеріміз апталарға, апталарымыз айларға, айларымыз жылдарға ұласып зымырап жатқан өмірдің рахатын көрмей, тек сыртынан бақылап отырып қалу қауіптілігі ықтимал. Мұндай жандар тығырыққа тіреліп қалуы мүмкін. Жанымыз күйзеліске ұшырап, жүрегіміз шаншып, кеудеміз қысылғанда ғана бойымызда күш-қуатымыздың жоқтығы байқалады. Сол кезде ғана өмірдің басқа түскен бұралқы жолынан шығудың жоқ екенін сезесіз. Өмірге келген әр адам өлімнің бар екенін есіне алып, өмірдің әр күнін ең соңғы күніндей кешу керек. Жастар да қарт адамдар сияқты өмір бар жерде өлім бар екенін ұмытпау керек.

Осылайша, бүгінгі жазбаның ағымы бір әулеттің өмірден өткен абзал жандары жайлы болмақ. Жуасбайұлы Шыматай ағамыз небәрі 48 жасында өзі себепші болған оқыс жағдайда өмірден өткеніне - 50 жыл толды. Шолпан жеңгемізге-28 жыл, Салтанат қарындасымызға-35 жыл. Асылгүл қызымызға-7 жыл және Шыматайұлы Марат бауырымызға - 4 жыл толды. Марқұмдарға иман байлығы бұйырсын.

Әулеттің асқар тауы Шыматай аға туралы естелік айтуға сөз баршылық. Шыматай Жуасбайұлы Қарағанды қаласының маңында Спасск кентінде 1928 жылы дүниеге келген. Әкесі-Жуасбай кентте милицияда қызмет

атқарған. Отбасында ағасы - Слетай Ұлы Отан соғысының ардагер-мүгедегі, інісі-Өкен, қарындасы Розалар ержетіп, қиын-қыстау жылдардан соғыстан кейін Жүкен әкей ауырып, 1946 жылы елге оралады. Сол жылы өмірден өтті.

Шет ауданының тумалары ағайынды Жәмпейісов Әуесбай (1887-1963), Жәмпейісов Жуасбайлар қазақ халқының басына түскен ашаршылық, қуғын-сүргін, қырғын соғыс жылдары (1922-1959) Спасск кентінде еңбек етіп, бірталай ауылдың ағайындарына қамқорлық көрсетті. Соның ішінде біздің де отбасымыз бар.

Әуесбай әкеміз әуелі ағылшын, кейіннен кенес өкіметіне Спасск мис қорыту зауытында ұста болып, қажырлы еңбегінің арқасында 1936 жылдары КазЦИК-ке мүше болып сайланған. Өмірінің соңында дейін кеніште абыройлы жұмыс атқарды. Бұл әулеттің өмірге келген балалары жастайынан шетіней берген. Әкей мен Жамал анамыздың артындағы соңғы тұяғы Сәкен апай 1928 жылы өмірге келген. 98 жасында биыл дүниеден өтті.

Артта бала-шағасы, ұрпағы бар. Жатқан жері жәйлі, топырағын торқа болсын апай!

Шыматай аға жастайынан еңбекке араласып, өте ширақ, іскер болды. Қарағанды қаласынан 7 сыныпты бітіріп, орысша сауаттанып, еңбек жолын Орджоникидзе атындағы колхоздың қара жұмысымен жалғастырды. 1950-1954 жылдары Қиыр-Шығыста әскер қатарында азаматтық борышын атқарып, әрі қарай Шет аудандық МЖС, МТС, РТС және Орджоникидзе совхозында ішкі шаруашылықты басқарып, директордың орынбасары ретін-



де ғұмырының соңына дейін абыройлы еңбек етті.

Шымық жұмысқа өте қабілетті, жауапкершілігі жоғары, көпшіліктің замандастарының ортасында сый-құрметке ие бола алды. Туған-туыстардың бас қосында әзіл-қалжыңымен ортаны думандатып отыратын. Әрдайым үлкенге құрмет, кішіге қолдау көрсетіп жүретінін көзіміз көрді. Бойынан уайым, реніш байқалмайтын. 1976 жылы сәуір айының 13 жұлдызында мүшел жасында оқыс жағдайда көз жұмды.

Аға 1955 жылы Қызылжар (Петропавлск) қаласының тумасы Нәсікқызы Шолпанмен отбасын құрып, аяулы ана өмірге 9 күрсак әкеліп, Раушан, Қанат, Салтанат, Мұрат, Марат, Асылгүл атты балаларының қуаныштары мен қызықтарын көрді. Олар ержетіп, білім алып, ұрпақ сабақтастығын жалғастырып аға мен жеңгемізге балдай тәтті немерелер мен жиендер сыйлады. Үш ер бала жас кездерінде шетінеп кеткен.

Отбасының тұңғышы Раушан ортаға аты белгілі, бізге туыскандық қатысы бар Игенбаев Смағұлға тұрмысқа шығып 4 немере-жиендерді өмірге әкелді. Бекзат пен Бекзат жеке кәсібінен ашып, облыс көлемінде ірі кәсіпкерлер қатарында еңбек етеді. Айзат қызы ПМ полиция

подполковнигі, Киров бөлімінің бастығының орынбасары.

Ұлдың үлкені Қанат пен жары Орал өмірге 4 перзент әкелген. Баласы Дастан аудандық кәсіпкерлік бөлімінде бас маман болып қызмет істейді. Дархан атты баласы жеке кәсіпкер.

Мұрат пен Байаннан Арайлым, Ляззат, Әнуар, Мадияр өмірге келген. Әнуар Шымкент мұнай өңдеу зауытында жауапты инженерлік қызметте. Мадияр Астана халықаралық компанияда инженерлік қызметте.

Қара шаңырақтың иелері Марат пен Батикамал өмірге 5 перзент әкелген жанұя. Үлкені Шаймұрат ветеринария саласында, мемлекеттік қызметте еңбек атқарады. Қажымұрат жоғары білімді, жақында фирмада еңбек жолын бастады.

Өмірден өткен Асылгүл 1988 жылы Қаражал қаласының тұрғыны Серікке тұрмысқа шығып, артына Қанат, Ақмарал атты балаларын жолдасына аманат етті. Қанат жеке кәсіпкерлікпен шұғылданады.

Ал, Салтанат жас кезінен аруушан болып, тұрмыс құрмай 25 жасында өмірден өтті.

Ағаның үлкені Тілеужан 1947 жылы дүниеге келген. Бүгінде ел арасында бір қалыпты, көштен қалмай ғұмыр кешуде. Балалышағалы жолдасы аты ортаға

белгілі Биғарашев Тілеукен ертеректе өмірден өткен. Балалары Марал, Марат, Меруерт (қайтыс болған), Баян, Дінмұхамметтер ержігіп, білім алып әртүрлі салада қызмет атқарады.

Жаратылған өмір мен өлім бір-біріне қарсы тұратын табиғи құбылыс. Тумақ бар жерде өлмек те бар. Бірақ та өмірдің қуаныштары мен жақсылығы өлімнің зардабынан басым тұрады. Сол себепті өміріміз алға аттай беретініне куәгерміз.

Алла тағала бізді жаратқанда қай уақытта, қай жерде, қандай жағдайда мәңгілікке әкететінін білдірмей жаратыпты. Өмірдің қызығына, тәттілігіне адам баласы тоймаған соң, Жаратушы осы өмірді бізге қысқартып берген болар. Сондықтан бұл жалған фәни өмірде арманына кім жеткен?

Мақаланың басындағы ұлы Мұқанның сөзінің астарына ден қойсақ: Шыматай ағамыздың ішкі жан дүниесінің сақтауы болмай қалғанына көзіміз жетеді. Өкінішті-ақ. Енді о дүниенің шегінен аттағаннан кейін марқұмға мақтау да мадақтауда керек емес. Марқұмның рухы тек дұға дәмметеді, себебі о дүниеде оларға иман байлығы ғана жолдас бола алады.

Аға мен жеңгеміздің және жанына ерткен балалары: Салтанат, Марат, Асылгүлдердің жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа, жандары жәннатта, рухтары шаттықта болғай!

Артына қалдырған ұрпақтарының еңбектері табысты болып, отбасыларына Алланың нұры жаусын.

Марқұмдарға бағышталған құран, арнайы дайындалған астың сауабы молынан болсын.

Ел ергесі бекем болып, жақсылыққа бас қосайық, ағайын.

Боранбай ЖҰМКИН,
Шет ауданының Құрметті азаматы.

Қоғамдық тыңдаулар

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ақмауа Tungsten» ЖШС «Қарағанды облысындағы Ақмая кен орнында тау-кен байыту комбинатының құрылысы» жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп беру бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жоспарланған қызмет елді мекендердің аумағына әсер етпейтінін ескере отырып, қоғамдық тыңдаулар жақын маңдағы елді мекеннің аумағында өткізілетін болады: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Шет а.о., Үнірек ауылы.

Географиялық координаттар:

№	x	y
1	48°44'12"	73°00'37"
2	48°44'15"	73°03'13"
3	48°43'02"	73°03'16"
4	48°43'00"	73°01'09"
5	48°43'05"	73°00'57"
6	48°43'35"	73°00'38"

Ашық жиналыс арқылы тыңдаулар өткізілетін күн мен уақыт: 03.06.2026 ж. сағат 12.00-де.

Орны: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Шет ауылдық округі, Үнірек ауылы, Үнірек көшесі, 24а ғимараты, «Қарағанды облысы Шет ауданы Шет ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Zoom конференциясы арқылы онлайн форматта тыңдаулар өткізу үшін сілтеме: <https://zoom.us/j/92774502999?pwd=HG8GT74RA9LLO8QJcRc0mNKx7aoCT.1>

Идентификатор конференция: 927 7450 2999
Код доступа: 592086

Бастамашының деректемелері мен байланыс дерек-

ала талап бойынша танысуға болады, тел. +7(727)228-25-65 (ішкі 5071).

Қосымша ақпарат алуға болатын электрондық мекенжай және телефон нөмірі: Ainur. Rakhmetova @aaengineering.kz; +77085227363.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысандағы ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында қабылданады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекенжайы: «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, pr.resurs@mail.ru, Қарағанды қаласы, Лобода көшесі 20, тел. 8(7212)56-41-27.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Ақмауа Tungsten» информирует о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по Отчёту о возможных воздействиях для РП «Строительство горно-обогатительного комбината на месторождении Ақмая в Карагандинской области».

Учитывая, что намечаемая деятельность не будет оказывать воздействие на территорию населенных пунктов, общественные слушания будут проведены на территории ближайшего населенного пункта: Карагандинская область, Шетский район, Шетский с.о., с.Унрек.

Географические координаты:

№	x	y
1	48°44'12"	73°00'37"
2	48°44'15"	73°03'13"
3	48°43'02"	73°03'16"
4	48°43'00"	73°01'09"
5	48°43'05"	73°00'57"
6	48°43'35"	73°00'38"

Дата и время проведения слушаний посредством открытого собрания: 03.06.2026 г. в 12.00 ч.

Место: Карагандинская область, Шетский район, Шетский сельский округ, село Унрек, улица Унрек, здание 24а, в здании ГУ «Аппарат акима Шетского сельского округа Шетского района Карагандинской области».

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Ссылка для проведения слушаний в онлайн формате, посредством Zoom конференции:

<https://zoom.us/j/92774502999?pwd=HG8GT74RA9LLO8QJcRc0mNKx7aoCT.1>

Идентификатор конференции: 927 7450 2999
Код доступа: 592086

Реквизиты и контактные данные инициатора: ТОО «Ақмауа Tungsten», 050051, г.Алматы, Медеуский район, пр. Достык, дом 210, 13 этаж, 190640005009, Николай Куценко, +77058555033, nikolai.kutsenko@aaengineering.kz

Реквизиты и контактные данные разработчика документации: ТОО «AAEngineering Group», БИН 931140000158, 050000, г.Алматы, мкр. Нур-Алатау, ул.Е. Рахмадиев, д. 21, тел. 8 (7272)282-565 вн. 5071.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также на официальном интернет-ресурсе МИО: <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang>.

При необходимости, с бумажной версией документов, выносимых на об-

щественные слушания, можно ознакомиться по предварительному требованию, тел. +7(727)228-25-65 (в. 5071).

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию: Ainur. Rakhmetova@aaengineering.kz; +77085227363.

Замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний принимаются на сайте: <https://ndbecology.gov.kz/>

Электронный и почтовый адрес уполномоченного органа в области охраны окружающей среды и местного исполнительного органа:

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», pr.resurs@mail.ru, 100008, г. Караганда, ул. Лободы, 20, тел. 8(7212)56-41-27

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.



Қоғамдық тыңдаулар

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Металлтерминал-сервис» ЖШС-і ашық жиналыс түрінде өтетін қоғамдық тыңдау өткізу туралы хабарлайды.

1. Жобаны атауы: «Металлтерминалсервис» ЖШС Шойынтас темір-марганец кен орнын рекультивациялау жобасының 2026-2028 жылдарға арналған қоршаған ортаға әсерін бағалау (ҚОӘБ) жобасы».

2. Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Успен ауылдық округі, Успенское ауылы, географиялық координаттары: 39,708972, 47,373264; 39,978864, 59,032944; 38,538792, 7,852656; 38,928600, 28,192044; 40,223448, 38,069028.

3. Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылдың 1 маусымында сағат 12.00-де Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Шет ауданы, Айғыржал ауылы, М.Жақапов атындағы НОМ, Мамыр көшесі, 40 мекен-жайында өтеді. Zoom конференциясына онлайн қосылу сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/85638483760?pwd=kjavmhmLq3>

JEb4gDrasjmhaQqEbu8s1. Конференция идентификаторы 856 3848 3760. Қатысу коды: 0YfXkG. Тіркелу талқылау басталмас бұрын 30 минут бұрын басталады. Қосылу бойынша сұрақтар болса, жоспарланған әрекет инициаторының телефондарына хабарласыңыз.

4. Жоспарланған әрекет инициаторы: «Металлтерминалсервис» ЖШС, ҚР, Қарағанды қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 19 үй. БСН 960340001473, тел: 8 (7212) 56 21 21, shointas1@mail.ru

5. Жобаны әзірлеуші: «ЭКО Project» ЖШС, ҚР, Астана қаласы, Ә.Бөкейхан көшесі, 38 үй, 78 пәтер, директор Сағынбаев С.О., тел. +7 701 342 2647.

6. Жоба құжаттары пакетімен «<https://ndbecology.gov.kz/>» Ақпараттық жүйе сайтында, сондай-ақ, Қарағанды облысы Табиғи ресурстарды басқару және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы МАБ-ның сайтында танысуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Металлтерминалсервис» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

1. Наименование проекта: «Проект оценка воздействия на окружающую среду (ОВОС) к «Проекту рекультивации месторождения железомарганцевых руд «Шойынтас» ТОО «Металлтерминалсервис» на 2026-2028 г.».

2. Территория воздействия: Карагандинская область, Шетский район, Успенский с.о., с.Успенское, географические координаты: 39,708972, 47,373264; 39,978864, 59,032944; 38,538792, 7,852656; 38,928600, 28,192044; 40,223448, 38,069028.

3. Общественные слушания состоятся 01 июня 2026 года в 12.00 часов по адресу: РК, Карагандинская область, Шетский район, с.Айғыржал, М.Жақапов НОМ, улица Мамыр, 40. Ссылка на онлайн подключение к конференции Zoom: <https://us06web.zoom.us/j/>

85638483760?pwd=kjavmhmLq3JEb4gDrasjmhaQqEbu8s1. Идентификатор конференции: 856 3848 3760, Код доступа: 0YfXkG. Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения. По вопросам подключения обращаться по телефонам инициатора намечаемой деятельности.

4. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Металлтерминалсервис», РК, г.Караганда, проспект Н. Назарбаева, дом 19. БИН 960340001473, тел: 8 (7212) 56 21 21, shointas1@mail.ru.

5. Разработчик проекта: ТОО «ЭКО Project», РК, город Астана, ул. Ә.Бөкейхан, дом 38, кв. 78., директор Сағынбаев С.О. тел. +7 701 342 2647.

6. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Информационной системы <https://ndbecology.gov.kz/>, а также сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природополь-

7. Жоспарланған әрекет, қоғамдық тыңдау өткізу туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ, жоспарланған әрекетке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрауға келесі мекен-жайлар бойынша бола аласыз: «Металлтерминалсервис» ЖШС. Байланыс телефоны: 8 (7212) 56 21 21, e-mail: shointas1@mail.ru.

8. Жоба құжаттары пакетімен келесі мекен-жай бойынша танысуға болады: Қарағанды қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 19.

9. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдау өткізілгенге дейінгі соңғы 3 жұмыс күнінен кешіктірмей «ndbecology.gov.kz» Ақпараттық жүйе сайтында, сондай-ақ, келесі мекен-жай бойынша қабылданады: Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Лобода көшесі, 20, Қарағанды облысы Табиғи ресурстарды басқару және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы МАБ, e-mail: pr.resurs@mail.ru, тел. 8 (7212) 56-41-27.

зования Карагандинской области».

7. Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно по адресам: ТОО «Металл терминалсервис». Контактный тел: 8 (7212) 56 21 21, e-mail: shointas1@mail.ru.

8. С пакетом проектной документации можно ознакомиться по адресу: г.Караганда, пр.Н.Назарбаева 19.

9. Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний на сайте Информационной системы ndbecology.gov.kz, также по адресу: г.Караганда, район им. Казыбек би, ул. Лободы 20, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», e-mail: pr.resurs@mail.ru, тел. 8(7212) 56-41-27.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«AGI Ltd» ЖК Қарағанды облысы аумағында «Суна» кен орнында қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары жобасына әзірленген әсер етуге Экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар пакеті: Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ); Жол берілетін қалдықтар нормативтері жобасы (ЖБҚН); Қалдықтарды басқару бағдарламасы Жобасы (ҚББЖ); Экологиялық бақылау бағдарламасы Жобасы (ЭББЖ); Табиғат қорғау іс-шаралар жоспары (ТҚШЖ) тақырыбына ашық жиналыс арқылы қоғамдық тыңдау өткізетіндігін хабарлайды.

Әсер ету аумағы - Қарағанды облысы, Шет ауданы, Жарылғап батыр ауылы (с.ш. 48.116553 в.д 74.190808)

Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 28 мамырда сағат 15.00-де Қараған-

ды облысы, Шет ауданы, Жарылғап батыр ауылы, Ыбырай Алтынсарин көшесі, 39 мәдениет үйінде өтеді.

Онлайн қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us06web.zoom.us/j/4014304885?pwd=OU9wYVovZDFtdkgwN2RRc3crQWpndz09&omn=85828518399>

Конференция идентификаторы: 401 430 4885 Кіру коды: jJfwV1

Бастамашысы: AGI LTD жеке компаниясы., 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы, Мәңгілік Ел Даңғылы, № 55/16, 250740900141 Орын, Бектенов Данияр Асылбекұлы, 87066970404, Agitld2026@mail.ru

Жобаны әзірлеуші деректемелері: «Projects World ECO Group» ЖШС, БСН 160340009675, ҚР, Ақтөбе қ., Қарғалы тұрғын

алабы, 18В үй, 99 пәтер, тел.: 87023923707, e-mail: ecogroup.aktobe@gmail.com.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен <https://ndbecology.gov.kz/>, сайтында, жергілікті атқарушы органның <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=kk> сайтында танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты +7 702 392 3707, ecogroup.aktobe@gmail.com бойынша сұрауға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды: «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» pr.resurs@kr.gov.kz ҚР Қарағанды қаласы, Лободова көшесі, №20.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ЧК «AGI Ltd» объявляет о проведении общественных слушаний посредством открытых собраний на тему: Пакет документов для получения Экологического разрешения на воз-

действие: Раздел Охраны Окружающей среды (РООС); Проект Нормативов допустимых выбросов (НДВ); Проект Программы управления отходами (ПУО); Проект Программы экологического контроля (ПЭК); План природоохранных мероприятий (ППМ) к плану разведки твердых полезных ископаемых на участке Суна в Карагандинской области РК.

Территория воздействия - село Жарылғап батыр, Шетский район, Карагандинской области (с.ш. 48.116553 в.д 74.190808).

Общественные слушания состоятся 28 мая 2026 года в 15.00 по адресу: Карагандинская

область, Шетский район, село Жарылғап батыр, улица Ыбырай Алтынсарина 39, Дом культуры.

Для участия онлайн необходимо пройти по ссылке: <https://us06web.zoom.us/j/4014304885?pwd=OU9wYVovZDFtdkgwN2RRc3crQWpndz09&omn=85828518399>.

Идентификатор конференции: 401 430 4885 Код доступа: jJfwV1

Инициатор: Частная компания AGI Ltd., 010000, Республика Казахстан, г.Астана, район Есиль, Проспект Мәңгілік Ел, Здание № 55/16, 250740900141, Бектенов Данияр Асылбекұлы, 87066970404, Agitld2026@mail.ru.

Реквизиты разработчика проектных документов: ТОО «Projects World ECO Group», БИН 160340009675, РК, г.Ақтөбе, жилой массив Каргалы, дом 18В, кв.

99, тел.: 87023923707, e-mail: ecogroup.aktobe@gmail.com.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://ndbecology.gov.kz/>, на сайте местного исполнительного органа <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=kk>.

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел: +7 702 392 3707, ecogroup.aktobe@gmail.com.

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» pr.resurs-@kr.gov.kz по адресу Республика Казахстан, 100008, г.Караганда, ул. Лободы, 20.

ХАБАРЛАНДЫРУ

10 желтоқсан 2025 жылы қайтыс болған Куйкенова Райхан Бекетаевнаның атына мұрагерлік іс ашылды.

Осы іске қатысты бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады.

Мекен-жайы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17. үй тел. 8 701 751 16 86.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Открыто наследственное дело после смерти Косыбаева Кайролла, умершей 06 апреля 2026 года.

Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Султановой К.Т., по адресу Карагандинская область, Шетский район, п.Агадырь, пр.Абай дом 31, телефон 8 710 33 62 426, 8 705 759 29 75.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Открыто наследственное дело после смерти Балгабаевой Хатимы Сагиевны, умершей 31 января 2017 года.

Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Султановой Г.Е., по адресу Карагандинская область, Шетский район, п.Агадырь, пр.Абай дом 31, телефон 8 710 33 62 426.

Жүйелі білім - нәтижелі еңбек

ТАБЫСҚА БАСТАР ТАЛПЫНЫС

Кентіміздің білім ордалары соңғы уақытта толағай табыстарымен көпшіліктің мерейін үстем етіп келеді. Соның айқын дәлелі - Ө.Ермеков атындағы тірек мектебі (РО) жанындағы интернаттың 11 «А» сынып оқушысы Байболат Ақмаралдың жетістігі. Дарынды шәкірт математика пәнінің білікті ұстазы С.Спатаеваның жетекшілігімен Ө.Жолдасбеков атындағы 11 сынып оқушыларына арналған математика және механика бойынша зерттеу жобаларының XV Халықаралық конкурсына қатысып, I дәрежелі диплом мен күміс медаль иеленді. Аталған жеңіс - білім мен табандылықтың, ұстаз бен шәкірттің тынымсыз еңбегінің жемісі. Жас талаптың жетістігі мұнымен шектелмей, мемлекет тарапынан да лайықты бағасын алды. Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрі Сүлейменовна Жұлдыз Досбергекқызы Байболат Ақмаралға Алматы қаласындағы Қ.Сәтпаев атындағы техникалық зерттеу университетінде білім алу үшін арнайы оқу грантын табыстады. Берілген оқу гранты - оның болашағына жол ашатын үлкен мүмкіндік, жас дарынға көрсетілген зор сенім деп бағалау керек.

Сонымен қатар, оқушыларға кәсіби бағдар беру аясында ұйымдастырылған Jas Skillis-2026 өңірлік чемпионатында да мектеп оқушылары жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Атап айтқанда, Берік Абзал - «Дөнекерлеу» бойынша I орынға ие болса, Бабыл Әлібек - «САД инженерлік графикасы» бойынша - III орынды жеңіп алды. Әрине, осы жетістіктер - техникалық білім мен кәсіби шеберліктің ұштасқан көрінісі болып табылатыны сөзсіз.

Қ.Мұңайтпасұлының туғанына - 155 жыл

ҚОЛ КҮРЕСТЕН ӨТКЕН ЖАРЫС

Қазақтың әйгілі палуаны Қажымұқан Мұңайтпасұлының 155 жыл толуына орай Красная поляна ауылында мәдениет үйі мен Шәкәрім жалпы білім беру мектебінің ұйымдастыруымен 8-9-10 сынып оқушылары арасында қол күрес жарысы өткізілді. Аталған іс-шараны өткізуге Мәтибек Дастан Қайыпбайұлы және мектеп мұғалімдері қаржылай көмек көрсетті.

Жарысқа қатысушылар екі салмақ дәрежесі бойынша сынға түсті. Тартысты өткен бәсеке нәтижесінде жеңімпаздар анықталып, арнайы ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

70 келі дейінгі салмақ дәрежесі бойынша жүлделі бірінші орынды Айхан Рауан жеңіп алса, екінші орынды Владимир Шевченко, үшінші орынды Әли Орынбасарлар иеленді. Ал, 70 келіден жоғары салмақ дәрежесі бойынша жүлделі бірінші орын иегері болып Асқар Жандос та-



Н.Айдарбекова басқарып отырған мектеп ұжымының мұндай табыстары - бір күндік еңбек емес, жүйелі жұмыстың нәтижесі. Бұған дейін де білім мен өнер додаларында топ жарып жүрген шәкірттері жетерлік. Мәселен, Бөгенбай батыр жырын жатқа айтудан өткен Қарағанды облысының байқауында осы мектеп оқушысы бас жүлдені жеңіп алса, оны дайындаған ұстазы лайықты марапатқа ие болып, жеңіл автокөлік мінген болатын.

Жалпы кент мектептері білім мен тәрбие беру ісінде биік белестерден көрініп келеді. Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінің ұстаздары мен оқушылары да үздіктер қатарынан табылып жүр. 2025 жылдың қорытындысы бойынша халықаралық, республикалық олимпиадаларына қатысып, жоғарғы көрсеткіштерге жеткені үшін «Ең үздік ауыл мектебі» мәртебесіне ие болса, кеше ғана лицей ұстазы мұғалімдер арасында өткен Халықаралық олимпиадада жүлделі екінші орынға ие болған.

Осы ретте аудан көлемінде білім сапасын арттыруға айрықша көңіл бөліп, ұстаздар мен оқушылардың түрлі олимпиадалар мен байқауларға белсенді қатысуына қолдау көрсетіп, жүйелі ұйымдастыру жұмыстарын жолға қойып, нақты бағыт-бағдар беріп жүрген Шет аудандық білім бөлімінің басшысы Әбенова Раушан Бекайдарқызының еңбегін ерекше атап өткен жөн. Оның білікті басшылығы мен үйлесімді жұмысының арқасында аудан мектептері жоғары нәтижелерге жетіп жүргенін ауыз толтырып айтуға болады.

Жерлестерімізді осындай толағай табыстарымен құттықтай отырып, алдағы уақытта да білім мен ғылымның биік шыңдарын бағындыра беретініне сенім білдіреміз.

Жас ұрпақтың әрбір жетістігі - ел болашағының жарқын кепілі.

Қ.БЕКҚОЖИН,
Ақадыр кенті.



нылса, жүлделі екінші орынды Тельман Лазимов, үшінші орынды Мустафа Кисиндер қанжығасына байлады.

Әйгілі палуанның құрметіне арнап өткізілген жарыс жоғары деңгейде өтіп, жастардың спортқа деген қызығушылығын арттыруға ықпал етті.

Жарыс соңында жеңімпаздарымыз ақшалай сыйлыққа ие

болды. Жарысты ұйымдастырушылар сөз алып, барлық жеңімпаздар мен қатысушыларға алғыс білдірді.

Жазира АМАЛБАЕВА,
мәдениет үйінің
көркемдік жетекшісі.
Красная поляна ауылы.

Спорт

ТҮЙЕ ПАЛУАН ҚОРЖЫНЫНДА
ТАҒЫ БІР МЕДАЛЬ

Жақында Түркістан қаласында дзюдо, самбо, қазақ күресінен спорт шеберлері арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты болып өтті. Екі күнге созылған мыңға жуық палуандар арасындағы бәсекеге біздің ауданымыздан ардагер спортшы, қазақ күресі мен

татамде тартысты белдескен болатын.

Ардагер спортшылар арасындағы бәсекеде жерлес палуанымыз қарсыластарын тізе бүктіріп, жүлделі бірінші орынға қол жеткізді.

Палуандар белдесуінде жүлдегер танылған палуан Са-



самбо, дзюдодан Қазақстан республикасының чемпионы, бірнеше дүркін түйе палуаны, самбодан КСРО спорт шебері Самалбек Саябекұлы Айнатаев қатысып, қарсыластарымен

малбек Саябекұлы жақын арада әлем чемпионатында ел намысын қорғамақ.

Өз тілшімізден.

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗДІҢ ЖЕҢІСІ

Сәуір айының 6-7 күндері қасиетті Түркістан қаласында дзюдо күресінен шеберлер арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты жоғары деңгейде өтті. Айтулы додаға

түскен Қайрамбеков Сұңғат және Жаңабылов Мәрлен қарсыластарына лайықты қарсылық көрсетіп, шеберлік пен жігердің үлгісін көрсете білді. Нәтижесінде қос



еліміздің әр өңірінен тәжірибелі палуандар жиналып, татамде тартысты белдесулер көрсетті.

Аталған байрақты бәсекеде ақадырлық жерлестеріміз де абыроймен облысымыздың намысын қорғап, өздерінің шеберліктері мен қайсар мінездерін айқын танытты. Жарыстың тартысты өтуіне қарамас-тан, спортшыларымыз жоғары дайындық пен табандылықтың арқасында жақсы нәтижеге қол жеткізді.

Атап айтқанда, 60 келіге дейін және 100 келі салмақ дәрежелерінде сынға

жерлесіміз де жүлделі III орынға ие болып, облысымыз бен ауданымыздың мерейін асқақтатты.

Жерлестерімізді осы кезекті жарқын жеңістерімен шын жүректен құттықтай отырып, алдағы уақытта да биік белестерден көрініп, бұдан да үлкен жарыстарда еліміздің көк байрағын талай мәрте желбірете беруіне тілектеспіз!

Қ.БЕКҚОЖИН,
Ақадыр кенті.